

ЫБЫҚ САЙ – Маңғыстаудың өрнекті шатқалы



МАҢҒЫСТАУ ТАБИҒАТЫ ШЕБЕР СӘУЛЕТШІНІҢ САН ТҮРЛІ ҰШҚЫР ҚИЯЛМЕН ҚОЛДАН БЕДЕР-ЛЕП САЛҒАН МЕКЕНІ СЕКІЛДІ. БІР ЖАҒЫНДА АСПАНМЕН АСТАСЫП КӨК АЙДЫН СОЗЫЛЫП ЖАТСА, ЕНДІ БІР ТҰСЫНДА АҚ БОРЛЫ ЖАРТАСТАР МЕН МҰНДАЛАЙДЫ. ҚҰЗДАР МЕН ОЙПАТТАР, ҰҢГІРЛЕР МЕН ЖЕРАСТЫ МЕШІТТЕРІ ШӨЛ ДАЛАНЫҢ ҚАЙТАЛАНБАС КЕЛБЕТІН ОДАН ӘРІ ӘРЛЕЙ ТҮСЕДІ. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ОСЫНДАЙ ТАБИҒИ НЫСАНДАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ТУРИСТЕР-ДІҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ЕРЕКШЕ АУДАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ОРЫНДАРДЫҢ БІРІ – ЫБЫҚ САЙ.

✍ Айгүл ОРЫНБАЕВА

Жергілікті жұрт арасында «Ыбық сайы», «Ыбықтың сайы» деген атаулармен белгілі бұл мекен кей деректерде «Қаракеуек» деп те аталады. Ал соңғы жылдары туристік бағыттарда «Ыбықты сай» атауы кеңінен қолданылып жүр. Алайда бұл атауға қатысты өлкенің жер-су тарихын жақсы білетін бірқатар азаматтардың өз уәжі бар. Олардың айтуынша, жердің тарихи атауын бұрмаламай, Ыбық сай немесе Қаракеуек атауын қолданған жөн.

Ыбықтың сайына алғаш барған адамды таңғалдырмай қоймайтын нәрсе – оның ерекше бедері. Шатқал қабырғаларындағы табиғи ойықтар мен өрнектер алыстан қарағанда құдды бір шебер қолынан шыққан сәулет туындысы секілді. Бір тұсы терезеге, енді бірі бағанаға, тағы бір бөлігі алып сарайдың қабырғасына ұқсайды. Жартастардың бетінде табиғи құбылыстар миллиондаған жыл бойы қалыптастырған сан алуан пішін бар. Сондықтан Ыбық сайын көрген саяхатшылар оны кейде шетелдегі әйгілі каньондармен салыстырады. Әлемдік туризмде ерекше бедерімен танылған нысандардың бірі – АҚШ-тың Аризона штатындағы Антилопа шатқалы. Оның қабырғаларындағы ирек-ирек, толқын тәрізді жыныстар туристерді таңғалдырып келеді. Ыбық сайының кейбір бөліктеріндегі табиғи өрнектер де осыған ұқсайды. Әрине, екі нысанды геологиялық тұрғыдан толықтай бірдей деуге болмайды. Бірақ табиғаттың жартастарға салған өрнегі мен жарық түскен кездегі көрінісі жағынан олардың арасында ұқсастық бар. Маңғыстаудың ерекшелігі де осында. Әлемнің әр жерінен іздеп баратын табиғи көріністердің кейбірін туған өлкеден де кездестіруге болады.

Ыбық сайының бүгінгі келбетінің қалыптасуына қатысты түрлі болжам бар. Зерттеушілер мен өлкетанушылардың айтуынша, оның қазіргі бедеріне желдің, жауын-шашынның, тау жыныстарының ұзақ уақыт бойы мүжілуінің ықпалы болуы мүмкін. Сонымен қатар жер қыртысындағы қозғалыстар мен геологиялық процестердің де әсері болғаны айтылады. Табиғаттағы мұндай өзгерістер бір күнде немесе бір ғасырда қалыптаспайды. Миллиондаған жылға созылған геологиялық процестердің нәтижесінде тау жыныстары біртіндеп мүжіліп, жарықтар кеңейіп, бүгінгі күрделі бедер пайда болған.

Маңғыстаудың жазғы аптабы кей күндері 30-40 градусқа дейін көтерілгенімен, шатқалдың іші салыстырмалы

түрде қоңыр салқын болып тұрады. Биік жартастар күн сәулесін әртүрлі қабылдап, көлеңке түсіретіндіктен, сайдың кей бөліктерінде жанға жайлы салқындық бар. Шатқалдың ішіне енгенде сырттағы кең дала мен ішкі тар кеңістіктің айырмашылығы бірден байқалады. Жартастардың арасындағы тыныштық, көлеңке мен табиғи өрнектер адамға ерекше әсер береді.

«Ыбық сайы» атауының төркініне қатысты да бірнеше нұсқа бар. Соның бірі көне түркі тіліндегі «ыбық» сөзімен байланыстырылады.

– Ыбық – тайпа атауы, дәлірек айтсақ, түркімен тайпасының бір тармағы Бұрыншық тайпасы, сай атауы осылай



берілген. Кейбіреулер «ыбық» сөзі ежелгі түркі тілінен шыққан болуы мүмкін деп санайды. Бұл туралы Махмұд әл-Қашқаридің әйгілі «Диуани лұғат ат-түрік» кітабында жазылған. «Ыбық» сөзін ежелгі оғыздар тау ешкісін білдіру үшін қолданған. Сірә, бұл аймақ осы жануарлардың тіршілік ету ортасы болған. Бұған жанама дәлел ретінде Ыбықты сайының жанында орналасқан келесі тау – Еліқтауы. Шындығында, «елік» қазақ тілінде «тауешкі» дегенді білдіреді. Осыған байланысты әр теорияның өз негізі бар, – дейді тарихшы-геолог Бекболат Төлегенұлы.

Яғни бір ғана атауға қатысты бірнеше тарихи болжам бар. Олардың қайсысы нақты ғылыми дәлелденгенін анықтау үшін кәсіби топонимикалық зерттеу қажет секілді.

Маңғыстауға туристер ағылған сайын бұрын жергілікті жұрт қана білетін

табиғи нысандардың атауы елге таныла бастады. Бұл – бір жағынан үлкен мүмкіндік. Туристік маршруттар көбейді. Жергілікті кәсіпкерлерге жана мүмкіндіктер ашылды. Маңғыстаудың туристік әлеуеті артып келеді. Бірақ екінші жағынан, осы үдерістің жауапкершілігі де бар. Туристерге нысанды таныстырғанда оның атауын, тарихын, орналасқан жерін дұрыс көрсету қажет. Себебі бүгін интернетке енген атау ертен ондаған туристік картаға, анықтамалыққа, әлеуметтік желідегі парақшаға енгізілуі мүмкін. Осылайша, бұрмаланған атау уақыт өте келе ресми атау болып қалыптасып кетуі ықтимал. Маңғыстауда бұл мәселеге алаңайтын

азаматтар аз емес. Олар Бозжыра, Қызылкүп, Көкала секілді тарихи атаулардың әртүрлі нұсқада айтылып, жазылып жүргеніне наразы. Сондықтан туризмді дамытумен қатар, өлкенің тарихи топонимдерін сақтау мәселесін де қатар алып жүру маңызды.

Бүгінде Ыбық сайын іздеп келетін саяхатшылардың саны артып келеді. Әлеуметтік желілерде оның фотосуреттері мен бейнематериалдары таралып, шатқалға деген қызығушылықты одан әрі күшейтіп отыр. Біріншіден, Ақтау қаласына жақын орналасқан. Екіншіден, жол бойындағы өзге де тарихи және табиғи нысандармен бір маршрутқа біріктіруге болады. Үшіншіден, шатқалдың табиғи келбеті фото және экотуризм үшін тартымды. Ыбық сайын Қараман ата жерасты мешіті, өзге де тарихи орындармен байланыстыра отырып, бір күндік немесе бірнеше күндік туристік маршрут қалыптастыруға мүмкіндік бар.

– Маңғыстауда туризм дамығаны жақсы. Бірақ туристік нысанның келбетін сақтап қалу маңызды. Шатқалдың қабырғасына жазу, тасын сындыру, коқыс тастау, көлікпен табиғи аумақты бүлдіру – мұндай әрекеттердің барлығы орны толмас зиян келтіреді. Ыбықтың сайы – Маңғыстаудың табиғи ғажайыптарының бірі. Ол бізге табиғаттың қаншалықты шебер суретші екенін дәлелдеп тұрғандай. «Ыбықты сай» атауы кейінгі жылдары кең тарағанымен, негізінен ол «Ыбықтың сайы» немесе «Қаракеуек». Сондықтан туристерге жол көрсетіп жүрген гидтер үшін қандай нысанның атын болса да тарихын бұрмаламай, атауын дұрыс айтып таныстыру – үлкен жауапкершілік, – дейді өлкетанушы Нұрлан Құлбаев.

ЖАРНАМА

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында 20.08.2026 жылы 5 жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Талқылауға шығарылатын жобалар «Солтүстік Аққар кен орнында жобалық тереңдігі 970 метр №1В, жобалық тереңдігі 1270 метр № 2В бақылау су алу ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жобасы» және «Солтүстік Аққар кен орнындағы жобалық тереңдігі 1250 метр №3В барлау-пайдалану су алу тік ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жобасы» және оларға ҚОҚ бөлімдері.

Құжаттар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналасқан.
Тел.: +7 (7292) 701344.

LADA GRANTA автокөлігі сатылады.

- * Жылы: 2016
- * Қозғалтқыш көлемі: 1.6 л
- * Жанармай: Газ / Бензин
- * Беріліс қорабы: Механика (МКПП)
- * Түсі: ақ

Байланыс нөмірі:

8 778 915 15 88




Ақтау қаласының №2 сотымен 2026 жылғы 6 тамызда арыз беруші АРУ БАКТИЯРҚЫЗЫ АЛДИЯРДЫҢ әкесі БАКТИЯР ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫ АЛДИЯРДЫ қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. 1971 жылғы 25 қазанда туған Бактияр Жақсылықұлы Алдиярдың жүрген жерін білетін адамдарға Ақтау қ, 3 - ш/а, №101 ғимаратта орналасқан Ақтау қаласының №2 сотына осы жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде хабарлау қажет.

20.12.2022 ж. А.Б.КУАНЫШБЕКОВТІҢ атына берілген, №374 сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

БАСПАСӨЗ-2026

«МАҢҒЫСТАУ»

газетіне жазылу
науқаны жүріп жатыр



«Халық» және «Каспий» қосымшасы арқылы онлайн жазылуға болады



Туған өлкеңіздің үнін жеткізетін – «Маңғыстау» газеті!

«МАҢҒЫСТАУ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ

Жазылу түрлері	Редакция арқылы жазылу бағасы	«Қазпошта» АҚ арқылы жазылу бағасы	Индекс
Заңды тұлғалар үшін үш айға	4 092,05 теңге	6 470,00 теңге	15492
Жеке тұлғалар үшін үш айға	2 046,25 теңге	3 236,88 теңге	65492


"МАҢҒЫСТАУ МЕДИА" ЖШС
ЖАРНАМА БӨЛІМІ

8 7292 20 48 42 | жұмыс уақытында

8 778 145 90 93 | тәулік бойы қосулы

РЕДАКЦИЯ ЖАРНАМА МАТЕРИАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, СТИЛІ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. МАТЕРИАЛ ТҮПНҰСҚА КҮЙІНДЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ.

• E-MAIL: XAT.MANGYSTAU@GMAIL.COM / ГАЗЕТ СЕЙСЕНБІ, БЕЙСЕНБІ КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ



Директордың м.а.
Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН

Қабылдау бөлімі, тел./факс:
20-48-34 mangystau.media@mail.ru

Бас редактор
Анаргүл ЖЕКЕМБАЙҚЫЗЫ

Бас редактордың орынбасары
Голрох ЖЕМЕНЕЙ
8 (7292) 20-48-43

Аға дизайнер
Лейла МҰРАТОВА
8 (7292) 20-48-37

Журналистер: Х.Қуат, А.Орынбаева,
З.Әбілді-Саттар, А.Сүндет, Ж.Қаржан,
Ә.Қазмағамбетова: 8 (7292) 20-48-39

Беттеуші-дизайнер:
Ш.Теңізбай: 8 (7292) 20-48-37

Кезекші редактор: А.Орынбаева

«Маңғыстауға» жарнама, құттықтау,
хабарландырулар жариялау үшін:
8 (7292) 20-48-42, laa.media@yandex.ru

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Өнерім» ЖШС
баспаханасында басылды.

130000, Ақтау қаласы,
22-ш/а, 38/3-ғимарат
тел.: +7 (777) 0122238

Таралымы: 2110
Индекс: 65492
Тапсырыс: 170

Жариялану ақысы төленген.

Бағасы келісімді.

3 т.б.



Мекенжайымыз:
Ақтау қаласы, 9-ш/а,
42/1-ғимарат.